

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 наурыздағы № 182 қаулысы. Қостанай облысы Жітіқара ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 1 сәуірде № 9-10-159 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 18, 19, 23 баптарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығын орындау үшін, әкімдік **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ, он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Аудандық шақыру және медициналық комиссияларының жұмысы ұйымдастырылсын.

3. "Қостанай облысы Жітіқара ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне ұсынылсын (келісім бойынша) облыстық жиын пунктіне шақырылушыларды жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрілігінің Қостанай облысы ішкі істер департаментінің Жітіқара қаласы және Жітіқара ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) әскери қызметке шақыруды жүргізу және командаларды жөнелту кезеңінде ұсынылсын:

1) мерзімді әскери қызметке шақырудан жалтарып жүргендерді іздестіруді және ұстауды жүргізсін;

2) аудандық әскерге шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті қолдау жөніндегі
ж ұ м ы с т ы ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

5. Әскери қызметке шақырылуға байланысты, іс-шараларды қаржыландыруды, "
Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралары" бағдарламасы
бойынша 2011 жылға арналған аудандық бюджетте қарастырылғандай қаражат
е с е б і н е н жү з е г е а с ы р с ы н .

6. Әскери қызметке шақыруды өткізудің қоса ұсынылған кестесі бекітілсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Ә.
Ж а у л ы б а е в қ а жү к т е л с і н .

8. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі
және 2011 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған іс-әрекеттерге таратылады.

Ж і т і қ а р а

ауданының әкімі

Қ. Испергенов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қостанай облысы Жітіқара
ауданының қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ Б. Берекетов

"Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
Қостанай облысы ішкі істер
департаментінің Жітіқара
қаласы және Жітіқара
ауданының ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ Д. Төребаев

"Қостанай облысы әкімдігі
денсаулық сақтау басқармасының
"Жітіқара аудандық орталық
ауруханасы" мемлекеттік
коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының бас дәрігері

_____ Д. Эстияров

"Жітіқара ауданының қаржы
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы

_____ В. Никитченко

2011

жылғы

28

наурыздағы

№

182

әкімдік

қаулысымен

бекітілген

Әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

№ р/т	Елді мекендердің атаулары	Әскерге шақырылушылар саны	Шақыру комиссиясының жүргізілу күні
1.	Жітіқара қаласы	40	2011 жылғы 4 сәуір
2.	Жітіқара қаласы	40	2011 жылғы 5 сәуір
3.	Жітіқара қаласы	40	2011 жылғы 6 сәуір
4.	Пригородный ауылы	18	2011 жылғы 7 сәуір
5.	Забеловка селосы	22	2011 жылғы 7 сәуір
6.	Аққарға селосы	9	2011 жылғы 8 сәуір
7.	Степной селосы	10	2011 жылғы 8 сәуір
8.	Тоқтаров селолық округі	9	2011 жылғы 8 сәуір
9.	Приречный селосы	12	2011 жылғы 8 сәуір
10.	Волгоград селосы	8	2011 жылғы 11 сәуір
11.	Мүктікөл селолық округі	8	2011 жылғы 11 сәуір
12.	Большевик селолық округі	12	2011 жылғы 11 сәуір
13.	Тимирязев селосы	6	2011 жылғы 11 сәуір
14.	Шевченковка селосы	4	2011 жылғы 12 сәуір
15.	Милютин селосы	12	2011 жылғы 12 сәуір
16.	Чайковский ауылы	12	2011 жылғы 12 сәуір
17.	Ырсай селосы	6	2011 жылғы 12 сәуір
18.	Жітіқара қаласы	40	2011 жылғы 13 сәуір
19.	Жітіқара қаласы	40	2011 жылғы 14 сәуір
20.	Жітіқара қаласы	40	2011 жылғы 15 сәуір
21.	Тоқтаров селолық округі	15	2011 жылғы 3 қазан
22.	Волгоград селосы	13	2011 жылғы 3 қазан
23.	Мүктікөл селолық округі	12	2011 жылғы 3 қазан

24.	Тимирязев селосы	14	2011 жылғы 4 қазан
25.	Степной селосы	15	2011 жылғы 4 қазан
26.	Шевченковка селосы	6	2011 жылғы 4 қазан
27.	Милютин селосы	14	2011 жылғы 5 қазан
28.	Чайковский ауылы	12	2011 жылғы 5 қазан
29.	Аққарға селосы	12	2011 жылғы 5 қазан
30.	Ырсай селосы	10	2011 жылғы 6 қазан
31.	Забеловка селосы	18	2011 жылғы 6 қазан
32.	Пригородный ауылы	16	2011 жылғы 6 қазан
33.	Большевик селолық округі	24	2011 жылғы 7 қазан
34.	Приречный селосы	16	2011 жылғы 7 қазан
35.	Жітіқара қаласы	40	2011 жылғы 10 қазан
36.	Жітіқара қаласы	40	2011 жылғы 11 қазан
37.	Жітіқара қаласы	40	2011 жылғы 12 қазан
38.	Жітіқара қаласы	40	2011 жылғы 13 қазан
39.	Жітіқара қаласы	40	2011 жылғы 14 қазан
40.	Жітіқара қаласы	40	2011 жылғы 17 қазан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК